

Оқушылардың асханадағы техника қауіпсіздігін және тәртіп ережелерін сақтау туралы нұсқаулық

Ескерту: барлық оқушылар осы нұсқаулықты ас ішу уақытында сақтауы қажет.

I. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Асханадағы тәртіпті сақтай отырып асықпай, сабырлықпен кіріп - шыққан жөн.
2. Асханаға сырт киіммен, сөмкемен кірмеу қажет.
3. Асхананың тамақ істейтін ішкі бөлмелеріне кіруге болмайды.
4. Ыдыстар мен жиһазға ұқыптылықпен қараған дұрыс. Оларды сындыруға болмайды.
5. Электр жарығын өздігінен қосуға және сөндіруге тыйым салынады.
6. Терезені және терезенің желдеткішін өздігінен ашып-жабуға тыйым салынады.

II Асханадағы жарақат алу қауіпсіздігі:

- электржарығын қосып және сөндірген кезде (тоқ соғу қаупі бар)
- ыстық тағам, шәй құйылған ыдысты тасу кезде (күйіп қалу қаупі бар)
- шыны ыдыс сынған жағдайда (жарақаттану қаупі бар)

III Ас ішу алдындағы қауіпсіздік талаптары

1. Ас ішу алдында қолды сабындап жу.
2. Асханаға кірген кезде тәртіп ережесін және ас ішу уақытының кестесін сақта.
3. Үстел басында өз орныға отыр.

IV Ас ішу кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Үстел басында тәртіп ережелерін сақта.
2. Жолдастарыңның ас ішуіне бөгет жасама.
3. Ас ішкен кезде сөйлеспе, көршілеріңді итерме
4. Ыстық тағамды асықпай, мұқият іш.
5. Босаған ыдысты сол жағыңа қойып, оның құлағанына жол берме.

V Қауіпті жағдайдағы қауіпсіздік талаптары

1. Қауіпті жағдай туылған жағдайда (өрт, өткір иіс шығу) сынып жетекші немесе аспазшылардың бұйрығымен асхананы босатқан жөн.
2. Жарақатталған кезде көмек алу үшін сынып жетекшіңе хабарла.

VI Ас ішкеннен кейінгі қауіпсіздік талаптары

1. Асханадан сабырлықпен, бірін-бірі итермей, тәртіп сақтап шыққан жөн.
2. Асханадан сыртқа тамақ шығарма.